

«Қыш құмыра» үйірмесінің мақсаты:

1. Балаларды заманауи және көне дәуірдегі бабалар мұрасын сақтап бағытқа бейімдеу;
2. Тұрмыстық бұйымдарды дайындауды, безендіруді үйрену.
3. Ой-өрісін дамыту интелектілік қабілетін арттыру.
4. Еңбекке баулу мен тәрбиелеу арқылы баланың жеке басының үйлесімді дамуы.

Тәрбиелік міндеттері:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жас буынға дұрыс бағыт-бағдар беріп, олардың жүрегіне мейірім мен жауапкершілік ұрығын себеді.

2. Балаға ермексазбен, сазбен және басқа материалдармен жұмыс жасаудың практикалық дағдыларын меңгеруіне жағдай жасау;

3. Шығармашылыққа тәрбиелеу;

4. Күрделі шығармалар жасау кезінде балалардың топтық ынтымақтастығын дамыту;

5. Балаларды ойынға және жарысқа қатыстыру.

6. Балалардың дизайнерлік дағдыларын, шығармашылық және техникалық ойлауын дамыту.

7. Өзін-өзі анықтауға, әлеуметтік беймделуге ықпал ету.

8. Адамның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру

9. Әлеуметтік құнды мінез-құлық пен қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

«Қыш құмыра» бағдарламасын меңгеру нәтижесінде оқушылар біледі және түсінеді:

- Қолмен жұмыс жасайтын құралдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері
- Кесетін және тесетін құралдармен жұмыс істеудегі қауіпсіздік ережелері: пышақ; құралдар.
- Сызбалар мен шаблондармен жұмыс кезінде қолданылатын белгілер: кесу сызығы, ойық, қатпар, бүктеу, тесу нүктесі, силуэт, өрнек, сурет ұғымдары;
- Топтық жұмыстың маңызы, адамдардың өндірістегі қарым-қатынасы.
- Өндіріс экономикасы туралы негізгі мәліметтер.

Оқытудың формалары мен әдістері:

Оқытудың негізгі формасы – топтық сабақтар. Уақыттың 90% практикалық сабақтарға арналған. Негізінен әр оқушымен жеке жұмыс жасалады. Оқушылар теориялық білімді практикалық сабақтар кезінде алады.

Дамытушылық білім беру элементтерін қолдану қарастырылған. Проблемалық оқыту әдісіне көп көңіл бөлінеді, оқушыларға проблема қойылған кезде және олар оны бірлесе шешуі керек, ең оңтайлы нұсқаны табуы керек.

Оқу іс -әрекетінің нәтижесі:

Оқу нәтижелерін бағалаудың ең жемісті факторы – оқушылардың жұмыстарының көрмелері. Шығармашылықтың әр түрлі бағыттары бойынша әр түрлі модельдерді, бір жерде салыстыруға болады. Қатысушылар ұсынған жұмыстарды

бағалау параметрлері өткізілетін көрмелердің деңгейі мен мақсаттарына байланысты өзгеріп тұруы мүмкін. Көрмелер тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді және баланың жеке басының эстетикалық қалыптасуында баға жетпес құндылық болып табылады. Көрмелер оқу жылында бір-екі рет өткізіледі, ал баланың шығармашылық жұмысы оның ұмтылысын үнемі ынталандырып отыруды қажет етеді. Бағалаудың маңызды түрлерінің бірі жарыстар өткізу, олардың барысында әр түрлі сипаттамалар: орындау сапасы, дизайн, қозғалыс сипаттамалары бойынша ұпай жиналады. Бала өзі жасаған құмыраны басқалармен салыстыра отырып, артықшылықтары мен қателіктерін анық көреді, әрі қарай шығармашылыққа енгізу үшін талдау дағдысын дамытуға мүмкіндік алады.

«Қыш құмыра» үйірмесі үйірмесінің күнтізбелік жоспары

Үйірменің мақсаты:

- Балалар үшін мүсін өнері әрбір бейненің сұлулық пен рух үйлесімділігін паш етіп көрсетуге тырысады және солай жасау керек.
- Жас мүсінші қазіргі заманауи декоративтік мүсін мен қатар сазбалшықтан ата-бабаларымыздан келе жатқан қышқұмыра, ыдыстар жасап үйреніп, өткен тарихымызды жандандыр

Қыш құмыра үйірмесінің жылдық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сабақтың мақсаты	Сағат саны	Өтілетін мерзімі	Көрнекілігі
1	Жабыстырма әдісімен қышқұмыра жасау	Саусақ маторикасын дамыту балшықпен жабыстырма жұмыс барысында	3	3.02.2026 4.02.2026 10.02.2026	Станок саз балшық
2	Ұлттық оюлармен ыдыс жасап үйренеміз	Ұлттық ою-өрнектердің түрлерін жаттап оны ыдыс жасауда қолдану	3	11.02.2026 17.02.2026 18.02.2026	Станок саз балшық
3	Станокта целиндр көтеріп үйрену	Целиндр көтеру бұл құмыра жасаушыға өте маңызды	2	24.02.2026 25.02.2026	Станок саз балшық
4	Станокта құмыра көтеріп жаттығу.	Құмыра жасаушы станокта көп жаттығу арқылы машықтанады	2	3.03.2026 4.03.2026	Станок саз балшық
5	Кіші көлемде ыдыс жасап үйрену.	Кіші көлемде ыдыс жасау жас құмырашыға жаттығу болады	3	10.03.2026 11.03.2026 17.03.2026	Станок саз балшық
6	Саз балшықпен құстардың түрлерін мүсіндеу	Саз балшықпен құстар жасау мүсін өнеріне қызығушылығын арттыру	2	18.03.2026 24.03.2026 25.03.2026	Станок саз балшық құстардың сурет
7	Жасалған құмыраны бояп сурет салу	Құмыра жасап қана қоймай сурет өнерімен байланыстыру егіз өнерді қатар алып жүру	2	31.03.2026 7.04.2026	Станок саз балшық
8	Станокта сазбалшықпен киіз үй жасап үйрену	Киіз үй жасау ұлттық құндылығымыз дамыту	4	8.04.2026 14.04.2026 15.04.2026 21.04.2026	Станок саз балшық ою-өрнектер
9	Станокта саз сырнай жасап үйрену	Саз сырнай ұлттық аспабын дәріптеп оны үйрену	3	22.04.2026 28.04.2026 29.04.2026	Станок саз балшық қалып
10	Құмыра жасап безендіру	Құмыраға әр-түрлі бейнені мүсіндеп жапсыру	2	5.05.2026 6.05.2026	Станок саз балшық

11	Саз балшықпен станокта құмыра жасау	Құмыра жасау әдіс – тәсілдерін терең меңгеру	2	12.05.2026 13.05.2026	Станок саз балшық
12	Қорытынды бағаға жұмыс жасау	Жасаған жұмыстарын бағалап шабыттандырып әрі қарай оқушыны өнерге қызықтыру	2	19.05.2026 20.05.2026	Жасалған бұйымдар